

## Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 22 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 6085 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, Шыңғырлау ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы кейбір көше атауларына қайта атау берілсін:

2 тұйық "Сырым Датұлы" көшесін – "Бауыржан Момышұлы" көшесі;

1 тұйық "Қуантаев" көшесін – "Алтын Орда" көшесі;

"Ғ.Мұратбаев" көшесінің батыс жағы – "Асанқайғы жырау" көшесі;

1 тұйық "А.Құнанбаев" көшесін – "Жайық" көшесі;

2 тұйық "Дмитрий Бесчасов" көшесін – "Шоқайтерек" көшесі.

2. Шыңғырлау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.Тулепов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық-ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі*

*Г. Жумагазиев*